

ТАРИХ
АДАМЗАТ
АҚЫЛ-ОЙЫНЫҢ
ҚАЗЫНАСЫ

ОН ТОМДЫК

*Ортағасырлық
тарихи ой*

3 ТОМ





«MADENI MURA»
MEMLEKETTİK BAĞDARLAMASYNYŇ
KİTAP SERIYALARY
QAZAQSTAN RESPUBLIKASYNYŇ TŪŇGYŞI PREZIDENTI
NŪRSULTAN NAZARBAEVTYŇ
BASTAMASY BOIYNŞA ŞYFARYLDY

ASTANA

2005

«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*
Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*
Тәуекел С.Т., *жауапты хатшы*
Әбділдин Ж.М.
Әуезов М.М.
Байпақов К.М.
Зиманов С.З.
Кәлетаев Д.А.
Кекілбаев Ә.
Кенжеғозин М.Б.
Қасқабасов С.А.
Қойгелдиев М.Қ.
Қосыбаев Е.М.
Құл-Мұхаммед М.А.
Мағауин М.М.
Мәмбеев С.А.
Нұрпейісов Ә.К.
Нысанбаев Ә.Н.
Рахмадиев Е.Р.
Сұлтанов Қ.С.
Сүлейменов О.О.
Хұсайынов К.Ш.

ББК 63.3
Т21

**«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының
«Тарих және этнография» секциясының мүшелері және томның
редакция алқасы:**

Қойгелдиев М.Қ. (*төраға*), Алдажұманов Қ.С., Әжіғали С.Е.,
Гаркавец А.Н., Ерофеева И.В., Мәжитов С.Ф., Нұрмағамбетова Р.Қ.,
Нұрман Ш.Т., Сужиков Б.М.

Томды басуға Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология
институтының Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның ғылыми сараптаушысы және аударманың арнайы редакторы:
тарих ғылымдарының докторы, профессор *Зардыхан Қинаятұлы*

Томды құрастырудың ғылыми редакторы:
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент *С.Ф. Мәжитов*

Томды құрастырғандар:
Н.А. Атығаев, К.Қ. Ақтаева, Л.Л. Батурина, Ә.Ә. Қайдарова, Қ.З. Өскенбай

Томның негізгі тәржімашылары: М. Ілес, А. Сағымова

Т21 Тарих—адамзат ақыл-ойының қазынасы: Он томдық. — Астана: «Фолиант», 2005.
Т. 3: Ортағасырлық тарихи ой. — 2005. — 512 бет.

ISBN 9965-612-16-1

«Ортағасырлық тарихи ой» аталатын үшінші кітаптағы материалдар шығыстық және батыстық авторлардың кең танымал еңбектерінен алынған үзінділерден тұрады. Олардың қатарында Рашид-ад-дин, Никколо Макиавелли, Марко Поло, Плато Карпини, Вильгельм де Рубрук, Иософат Барбаро, Махмұд Қашқари, Әбілғазы Баһадүр, Мұхаммед Қайдар Дулати, Қадырғали Қосымұлы, Ибн Хордадбек және басқа белгілі авторлардың еңбектері бар. Қазақ тіліне аударылған бұл шығармалар арқылы оқырман ортағасырлық отан тарихынан біршама құнды мәліметтер алатын болады.

Аталған еңбектер бұрын-соңды қазақ тіліне аударылмаған. Орыс тіліндегі аудармалардағы тілдік, этнографиялық айырмашылықтар қазақ тілді қауымға осы күнге дейін түсініксіз болып келгені де ескерілді.

Кітап зерттеушілерге, жалпы білім беретін мекемелердің ұстаздары мен оқушыларына, аспиранттарға, сондай-ақ көпшілік оқырман қауымға арналған.

Б $\frac{0503000000}{00(05) — 04}$

ББК 63.3

ISBN 9965-612-16-1 (т. 3)

© Тарих және этнология институты, 2005

ISBN 9965-35-013-2

© «Фолиант» баспасы, 2005

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

Елбасының ұсынысы бойынша елімізде жүзеге асырылып отырған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының «Тарих - адамзат ақыл-ойының қазынасы» 10-томдық сериясының үшінші томы жарық көріп отыр. Ол «Ортағасырлық тарихи ой» деп аталады.

Кітапқа шығыстық және батыстық авторлардың кең танымал еңбектерінен алынған үзінділер енді. Ортағасырлық әлемдік тарихи ой-сананың ең құнарлы материалдары: Рашид-ад-дин, Марко Поло, Плано Карпини, Вильгельм Де Рубрук, Махмұд Қашқари, Әбілғазы Баһадур хан, Мұхаммед Қайдар Дулати, Қадырғалы Жалайыр, Ибн Хордад бек, Ал-Идриси, Ата Малик Жувейни, Абд ар-Раззак Самарканди қатарлы әйгілі тарихшы-шежірелердің еңбектері енген.

Бұл томға көне замандарда Шығысты мекендеген халықтар мен мемлекеттерден қалған тарихи ойдан мағлұмат беретін және сол кезеңдердегі Қазақстан жерін мекендеген ел-жұрттың тарихымен танысуға мүмкіндік беретін еңбектер топтастырылған.

Қазақтың орта ғасырлық тарихы үшін бұлардың әрқайсысының өзіндік алатын орыны бар. Аталған еңбектердің ішінен Мұхаммед Қайдар Дулати, Қадырғалы Қосымұлы Жалайыр, Жүсіп Баласағұн еңбектерінен өзгесі бұрын-соңды қазақ тіліне аударылмаған. Зерттеушілер бұл еңбектерді тек орыс тілді басылымдар арқылы зерттеп келді. Орыс тіліндегі аудармаларда тілдік, этнографиялық айырмашылықтардың қазақ тілді қауымға түсініксіз тұстары болған. Мұның бәрі реттеліп, қазақ тіліне аударылып жеткізілуі аталған материалдарды тек қазақ тілі мен тарихына жақындата түспек. Біз бұл аудармалар арқылы қазақ тарихының ескерілмей келген қырларын ғылыми дәлдікпен аша түсу мүмкіндігіне ие боламыз.

Мысалы, Ал-Идриси географиясында Қимақ, Қыпшақ атымен протоқазақтар туралы сөз болып отырғанын, Фазлаллах Ибн Рузбихан әйгілі «Михман намесінде» біздің қазақтар туралы Мухаммед Қайдар

Дулатидан әлдеқайда бұрын мәлімет беретінін, Иософат Барбаро «Татарлардың тұрмыс салты» деген атпен XIV ғасырдағы қыпшақ-қазақтың этнографиялық салт-санасы жайында құнды деректер беріп отырғанын әрбір оқушы ғана емес, тіптен кейбір зерттеушілердің өздері жетік біле бермейді. Бұған тек осы аударма ғана көмектеспек.

Оқушы қауым Ибн Батута, Ибн Хаукаль, Шараф ад-Дин Али Йезди, Марко Поло, Плано Карпини, Вильгельм де Рубрук еңбектері арқылы Жошы Қыпшақ ұлысының (орысша: Алтын орда) тарихымен терең танысуға мүмкіндік алады. Осы державаның әскери сол қанаты - Ақ орда мемлекетін біздің орта ғасыр тарихшылары қазақтың алғашқы мемлекеті деп қарайды. Олай болса, бүгінгі Қазақ мемлекетін Алтын орданың саяси-территориялық мұрагері деп тануға толық мүмкіндік бар. Жете оқып танысқан адамға ондай мүмкіндік осы еңбектердің өзінен-ақ табылады. Кейбір атау, тарихи оқиғаларға қатысты ғылыми анықтамалар берілді. Қазақ тіліне тұңғыш рет аударылған бұл шығармалар арқылы оқырман ортағасырлық отан тарихынан біршама құнды мәліметтер алады деген үміттеміз.

АРАБ ТАРИХШЫЛАРЫ

ИБН ХОРДАДБЕК

Абу-л Қасым Үбейдаллах ибн Абдаллах ибн Хордадбек иран тегінен шыққан араб географы 205 (=820) жылдар шамасында дүниеге келген. Оның әкесі 201(=816) жылы Табарстанның жергілікті билеушісі болған, өзі Бағдатта білім алып, халиф сарайына жақын болған. Кейін ол Жибаль провинциясында (Иранның солтүстік батысы) (сахиб ал-берид ва-л-хабар) мемлекеттік мәлімдеуші және пошта бастығы қызметін атқарды. Оған меншікті бірнеше шығарманың ішінде 232(846/47) ж. жазылып, 272(=885/86) ж. шамасында қайта өңделген географиялық «Жолдар мен провинциялар кітабы» («Китаб ал-месалик ва-л мемалик») ғана сақталған. Бұл шығарма бізге қысқартылып редакцияланған түрінде белгілі. Ибн Хордадбектен кейінгі авторлардың цитаталарынан басқа да аумақты редакцияның болғаны көрсетіледі. Шығармада провинциялардың, қалалардың аттары, нақты аралық көрсеткіші белгіленген жол тарамдары мен пошта бекеттері, әр аймақ пен облыстан түсетін салық төлімінің сандары көрсетілген. Сол сияқты халифатқа жақын орналасқан кейбір елдер туралы мәліметтер, олардың патшалары мен басқарушыларының аттары мен лауазымдарының тізімі берілген. Бұл шығарма статистикалық-географиялық шығармалар қатарын түзейді және кейінгі авторлардың (Ибн-ал-Факих, Ибн Хаукал, Ибн Русте, ал-Джейхан, ал-Мукаддаси) шығармаларында үлкен не кіші дәрежеде пайдаланылған. Ибн Хордадбек деректері жергілікті шенеуніктердің ресми хабарламасынан және құжаттарынан алынған. Ибн Хордадбектің шығармаларының қолжазбаларының екеуі де өте ұқыпсыз жазылған, соның салдарынан мәтіннің көп жері, әсіресе географиялық атаулардың жазуы (атаулары) нақты белгіленбеген. Бұл — бізге жеткен халифаттағы әкімшілік құрылыс жөніндегі алғашқы шығарма. Мұнда автор өміріне дейінгі сауда жолы туралы мәліметтер және елшіліктер есебі енгізілген. Бұл шығарма өзінің нақты салық статистикасы және саналуан атаулардың дәл көрсеткіштері белгіленген пошта және сауда жолы мәліметтерімен құнды.

ИБН ХОРДАДБЕК

«Китаб ал-месалик ва-л мемалик» («Жолдар мен елдер кітабы»)

Бұл — жерді сипаттау, ондағы тірі жан біткеннің жайы, әр жердің тұрғындарының қимылы туралы, әр жердегі жолдар мен елдер туралы кітап. Абу-л-Қасым Убайдаллах ибн Абдаллах ибн Хордадбектің шығармасы діндарлар әмірі маулиі.

Абу-л-Қасым жердің қасиеттілігі — көк күмбезінің қуысында жұмыртқаның ішіндегі сары уыздығы сияқты орналасқан шар секілді дөңгелектігінде дейді. Жер айналасындағы жеңіл жел (зефир, ан-на-сим) оны барлық жағынан көк күмбезіне қарай тартады. Жердегі бар тірі жандының орны сол, жұмсақ жел оның жеңіл салмақтысын өзіне тартады, ал жер темірді өзіне тартатын магнитті, тас сияқты барша ауыр денеліні өзіне тартады. Жер екі жартыға бөлінген, олардың ортасында экватор сызығы, ол шығыстан (ал-машрик) батысқа (ал-магриб) дейін созылады, бұл — жердің ендігі. Бұл — көк күмбездегі ең ұзын сызық — Зодиак белдеуі (Минтакат ал-бурудж) сияқты жер әлеміндегі ең ұзын сызық. Жер шары үстінен Каноус (сухайл) айналып тұратын Оңтүстік полюстен жетіқарақшы айналып тұратын Солтүстік полюске дейін созылып жатады. Экватор сызығы бойынша Жер шеңбері 360 градусқа тең, бір градус 25 ф-ға (өлшем белгісі) тең, 1 ф. — 12000 шынтақ, 1 шынтақ 24 бармақ, бір бармақ бірінің үстіне бірі тізіліп қойған 6 арпа дәніне (хаб-бат ша'ир) тең. Осылайша алғанда экватор ұзындығы 9 000 ф. экватор сызығы мен әр екі полюс аралығы 90 астролябия градусы. Жердің ендігі мен бойлығы бірдей. Әйтсе де жер экватор сызығынан 24 (С5) градус қана жерде. Қалғанын үлкен теңіз (Ал-бахр ал-кабир) басып жатыр.

Біз жердің солтүстік ширегінде өмір сүреміз. Оңтүстік ширек өте ыстық болғандықтан елсіз жер. Біздің астымыздағы Жердің жартысы да елсіз. Әр ширектің солтүстік және оңтүстік — 7 климаты (иклим) бар. Птомелей өз кітабында оның өмір сүрген кезінде Жер бетінде 4200 қала болғанын атап көрсетті.

§ 16. ӘР ЕЛДІҢ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ҚЫБЫЛАСЫ

Армения, Әзірбайжан, Бағдат, Васит, ал-Куфа, ал-Мадаина, ал-Баср, Хувлан, ад-Динавар, Нихаванд, Хамазан, Исбахан, ар-Рей, Табаристан бүкіл Хорасан, ал Хазар және үнді Кашмир елдерінің қыбыласы ал-Кааба шіркеуінің қақпа жағына қараған қабырғасына бағытталған. Бұл жерлер Солтүстік полюстің сол жағына (батыс жаққа қарай) ал-Машриктің ортасына дейінгі жерде орналасқан.

Ал ал-Машриктің орта шенінің ар жағындағы сегіз бөліктей жерде орналасқан ат-Тұбат (Тибет), түрік (ат-түрік) ас-Син және ал-Мансұр елдері қыбыласы «қара тасқа» жақын жерде.

Ал-Йемен тұрғындарының қыбыласына келсек, олар «Йемен коллонасы» жағына қарап табынады. Олар беттерін Армян жұртының сиынып жатқан кездегі жүздеріне қарата оқиды.

Ал-Магриб, Ифрикийя, Мысыр, аш-Шам және ал-Жазира елдері жүздерін «Шам колоннасына» қарата табынады. Олар сиынып жатқан кезде жүздерін сиынып жатқан ал-Мансұр еліне қаратады.

Елдердің намаз оқып, табынуы кезінде беттерін қай жаққа қарату бағыты мен қыбылалары осындай.

§ 16. ЗАМИННЕН ФЕРҒАНАҒА ДЕЙІНГІ ЖОЛ

Жоғарғы Нұшаджаннан тоғызгуздер қағандағы астанасына дейінгі үлкен құнарлы жерлі ауылдар арқылы үш айлық жол. Олардың тұрғындары – түріктер. Олардың ішінде отқа табынатын дуагерлер (ал-маджус) және құдайсыздар да (занадик) бар. Әмір 12 қақпасы бар үлкен қалада. Бұл қаланың тұрғындары құдайсыздар. Олардан солға қарай (шығысқа және солтүстік шығысқа қарай) қимақтар тұрады. Оларға қарсы солтүстікке қарай 300 ф. жерде ас-Син орналасқан. Тоғызгуздер әмірінің қорғанысы жанында 5 ф. қашықтық жерден көрінетін 100 адам сиятын үлкен шатыр бар. Ал қимақтар әмірі өзінің шатырынан жайылымдарын бақылап отырады. Тараз бен тоғызгуздер тұратын жердің арасы елсіз дала арқылы 81 күн.

Түрік тоғызгуздер (ал-атрак ат-тугузгуз) елі түрік елдері ішіндегі ең үлкені. Олар ас-Синмен ат-Тубатпен және қарлықтармен шектеседі. Одан әрі өзеннің ар жағында тұратын халадждар (ал-халадж), қарлықтар (ал-Харлух), кимақтар (ал-кимақ), ғұздар (ал-гуз), шығылдар (ал джигир), түргештер (ат-туркаш), азқыштар (адкеши, азкеши), қыпшақтар (хифшах), қырғыздар (хирхиз) бар.

Әл-Фараби қаласына келсек, онда мұсылман сарбаздары мен түрік қарлықтардан тұратын гарнизон бар. Барлық түрік қалаларының саны – 16.

ЖЕРДІҢ КЕЙБІР ҒАЖАЙЫПТАРЫНАН

Сикиллийдегі, ал-Андалустағы, ал-Хиндтегі от — тастың үстінде жанатын от. Егерде біреу отты басқа жерге көшіргісі келсе, онда ол отты қайта жаға алмайды. Сикиллийде «Фурсан» деп аталатын үлкен құмырсқалар жоқ. Куртуба аймағында көптеген жыртқыш аңдардың болуына карамастан, онда маймылдар болмайды.

Ар-Рум елінде, ал-Хазар теңізі жағалауында ал-Мустатила деп аталатын қала (балад) бар. Мұнда қысы-жазы үздіксіз жауын жауатын болғандықтан, қала тұрғындары жинаған астықтарын не ұшырып, не тазалап, не кептіре алмайды, не ұн тарта алмайды. Олар астықты үйлерінде тартылмаған күйде сақтап, шетінен керегінше ғана алып, тартып нан пісіреді. Ол жақтың елдерінде біздің жақта қарғалар қандай көп болса, сұңқарлар сондай көп болады. Олар үйірімен жүреді және елдер олардың көптігінен үй құстарын ұстай алмайды.

Ал-Хиджаз және Йемен тұрғындары жаз бойы жаңбыр астында және астықты қыста жинайды. Сан'е де және оған жақын жерлерде жаңбыр маусым, шілде, тамыз және қыркүйектің жартысына дейін түстен кейіннен күн батқанға дейін жауады. Егер адамдар түстен кейін бір-бірімен кездесе қалса, әңгіме барысында: «Жаңбырдың алдында тездетпесең, бұл күндері жаңбыр болары сөзсіз» дейді.

Ғажайыптар ішінде арабтар жаулап алған ал-Андалустағы патшалар қаласындағы екі үй. Сол екі үйдің біреуін ашқанда, ол патшалар үйі еді, ол жерден олардың патшаларының санына сәйкес 24 тәж табылған. Бұл тәждердің бағасын ешкім білмейді. Әр тәжде оның иесінің аты, жасы және неше жыл ел басқарғаны жазылған. Бұл үйден Сүлеймен ибн Давудтың үстелі табылған. Басқа үйден 24 құлып табылған. Әр патша өз құлыбын қосып отырған. Соңғы патша Лузарикке дейін ешкім бұл үйде не болып жатқанын білмеді. Ол (Лузарик) «Мен бұл үйде не бар екенін білуім қажет» деді, ол үйде байлық, бағалы заттар бар деп жорамалдады. Міне, епископтар мен дьякондар жиналып, оның әрекетінің қаншалықты қатерлі екенін түсіндіруге тырысып бақты, оған дейінгі патшалардың іс-әрекетіне жүгінуді сұрады. Бірақ патша қайткен күнде де ол сол үйге баруды көздеді. Сонда олар: «Бері қарашы, сол бір көрген байлық көзіңе не елестетті. Біз бәрін де алып, өзіңе қанша керек болса,

соншасын тапсырамыз» — деді. Ол оларды тындамай есікті ашты. Бұл үйден олар аттың үстінде шалмаларымен, сандалдарымен, найзаларымен, садақтарымен отырған арабтарды көз алдында елестетті. Арабтар бұл елге сол есік ашылған кезде басып кірген.

Кутейба ибн Муслим Байканд (Пейканд) деп аталатын қаладан басқышпен көтеріліп шығатын өте үлкен қазан көрген.

§76 . ҒАЖАЙЫП ҚҰБЫЛЫСТАР

Олардың құрамында Мысырдағы 2 пирамида бар. Олардың әрқайсысының биіктігі 400 шынтақ. Екеуі де мрамормен (рихам) және алебастрмен (мрамор) қапталған. Егер де патша шынтағымен өлшеген болса, олардың ұзындығы да, ені де 400 шынтақтан. Онда муснадпен (химйарит жазбасы) астрономия мен медицинаның барлық ғажайыптары мен сиқырлықтары ойып жазылған. Олар бұл құбылыстардың патша Батламус ол Калузидікі екенін бір Аллах ғана біледі дейді. Онда мынандай жазу бар: «Оларды мен салдырдым. Егер де кімде-кім өзін күштімін деп есептесе, онда ол бұзсын осы құрылысты, әйтсе де салудан гөрі бұзу оңай емес пе? Мұны бұзу үшін бүкіл әлемнің бір хараджы жеткіліксіз».

Автор бұл пирамидалардың қасында 10 кішкене пирамида бар екенін айтады. Лу'лу Гулям ибн Тулунның хатшысы Исма'ил ибн Йезид ал-Мухамаби Мұқаллаби маған мынандай әңгіме айтты. Біз Ахмад ибн Тулунның хатшысы Абу Абдалла ал-Васитпен бірге кішкене пирамидалардың біріне бардық. Бізбен бірге жұмысшылар болды. Біз оның сырты 10 түйе сиятын қашаға (отырған күйде) тең екенін байқадық. Қалауды бұзып, алға қарай жылжу керек болды. Тастан қаланған бірінші бетін алып тастап, біз сусылдаған құмға жеттік, одан соң екінші қабатын қазып алып тастадық та, үшінші қабатына жеттік, бұл жерде ойылған тесікті байқадық, үшінші қабатты да бұзып 40-та 40 (40x40) шынтақ өлшеміне тең көлемдей бөлмеге келдік, онда шығыс, батыс және оңтүстікте, құбыла жақта есіктері таспен қаланып тастаған 4 қуыс, (нимхаджат) болды. Біз шығыс жақтағы есікті бұздық, онда біз оникстен жасалған құмыраны көрдік, мойыны да оникстен доңыз бейнесінде жасалған және іші мумиямен толтырылған. Содан кейін біз батыс және оңтүстіктегі қуыстарын бұздық, олардың да ішінен алдыңғы көргенімізді көрдік, шығыс жақтағы қуысты бұзғанда да соны көрдік, тек құмыраларының мойындарының формасы әр түрлі. Бұл бөлмеде дінсіздерге (мукаффир) ұқсас 360 адамның мүсіні болды. Содан кейін

біз солтүстіктегі қуысты бұзғанда да дәл солай қапталған ауыр қара тас-тан жасалған купель (джурн) (купель — христиандардың дін ұстаушылар қатарына қабылдау жорасын жасауға арналған ыдыс) көрдік, бірақ екеуі де қорғасынмен қатырылған. Біз оның үстіне қорғасын еріп түскенше от жақтық. Біз купельді ашқанда онда қарт адамның мүсінін көрдік. Оның бас сүйегінің астында ақ оникстен жасалған тақтайша жатты. Купельдің үстіне жаққан от оны қақ жарған және мәйіттің үстіндегі киімдерін күйдіріп жіберіпті. Біз тақтайшаны біріктірдік. Оның жанынан алтыннан жасалған тағы екі мүсінді көрдік. Олардың біреуі — қолына жылан ұстаған еркектің мүсіні, ал екіншісі — есектің үстінде қолына таяқ ұстаған еркектің мүсіні. Басқа жағында түйенің үстінде қолына қамшы ұстаған еркектің мүсіні жатты. Біз мұның бәрін алдық та Ахмад ибн Тулунға алып келдік. Ол тақтайшаны біріктірген шеберді шақыртты. Біз бір ауыздан бұл Мұсаның, Иса мен Мұхаммедтің мүсіні деген шешімге келдік, Алла жарылқасын. Ол (Ахмад ибн Тулун) бір құмыраны өзіне алды, екінші құмыраны Абу Абдаллахқа, хатшыға сыйлады, үшіншісін маған сыйлады. Мен оны өзіме әкелдім. Таяқ алдым да құмыраның ішіндегі мумияны шұқып, ақырындап босата бастадым. Оның ішіндегі түскенше осылай әрекеттендім. Ондағы бір-біріне оралған кенеп тілімдері (сийаб) екен. Мен ақырындап кенеп тілімдерін бұқаның терісінен жасалған түйіншек шыққанша арши бердім. Оны аштым. Мен ең соңғы қабығын аршығанымда, оның ішінен бір тамшы қан ақты. Сонда мен оның не екенін түсінбедім, ал Алла болса бәрін жақсы біледі.

Рим құрылыстарының ішіндегі ғажайыптарының бірі — ал-Искандария. Ол 300 жылы салынған деп айтады. Қала тұрғындары 70 жыл бойы оның өте аппақ қабырғаларының күнге шағылысуынан түскен кезінде үйлерінен шықпайтын, шыға қалса, тек қана қара жамылғымен шығатын. Оның ғажайып шамы шыныдан жасалған шаянның үстіне орнатылған. Өзінің жергілікті тұрғындарынан басқа оған бағынатын 600 000 удейліктер бар.

Манф (Мемфис) 70 жыл бойы тұрып, 70 қақпа салып, қабырғаларын темір және сары мыстан қалаған қала Фараон қаласы. Онда оның тәжінің астынан ағып тұратын өзендер бар, олар төртеу.

Ойын алаңдары (мал'аб) Фамиде, Тадмурда, Ба'лабекте, Лудта және Джейрун (Дамаскіде) қақпасында. Екі колонна Мысыр жеріндегі Айн Шамста. Бұлар бұрынғы колоннадан қалғаны. Әр колоннаның басында мыстан жасалынған алқа болған. Колонналардың бірінің басындағы алқадан колоннаның ортасына ғана жететін, бұл деңгейден аспайтын

және күндіз түні үзбей тамшылап тұратын су бар. Онда судың әсерінен жасыл және ылғал тартып тұратын колонна бар. Бұл су жерге жетпейді. Бұлар Хушханка құрылысы (ғимараттары) қатарынан.

Ал-Ахваздағы Сус бекінісі. Бұл бекініс басқа бекіністің үстіне салынған. Ас-Сустағы арғы бекіністің құрылысы да осыған ұқсас. Екеуі де Хушканка құрылысынан. Римдіктер осы құрылыстардың ішінде ар-Рухтағы тастан қаланған шіркеуден әдемісі жоқ, ол ағаштан қаланған аркалары ююба ағашынан жасалған Манбидждегі шіркеуден әдемісі жоқ дейді. Мрамордан жасалған құрылыстың ішінде Антакийдегі Құсйан христиан храмынан әдемісі жоқ, тас аркасы бар құрылыстардың ішінен Химстегі шіркеуден әдемісі жоқ. Ал мен гипс пен кірпіштен салынған ғимараттардың ішінен ал-Мадаинистегі Айван Кисрден (Хосровлар сарайы) әдемісінің жоқ екенін айттым. Ал-Бухтури: – «Сарай кәдімгі өнер ғажайыптарынан алынғандай. Биік тау басындағы мүйісте орнатылған сән іспеттес, тәкаппар, салтанатты тұр. Радва және Кудс басынан жоғары көтерілген дәліз аспанмен таласады. Мұны адамдар джиндарға арнап салды ма, олар тұрсын деп, әлде джиндар адамдарға салды ма, белгісіз», — дейді.

Одан кейін ал-Куфадағы Хаварнак Бахрам Джура сарайы.

Ақынның әңгімесі:

«Кахтан тайпалары және олардың көсемдері Бахрам Джур және оның сарайына өз басымдылығын көрсету үшін, олар оның құдіреттілігін білсін деп ас-Садырды мадақтайды». Тастан қаланған Шазраван Тастардан басқа үлкен ауыр тастардан, темір бағандардан және қорғасынмен (милат ар-расас) қапталған әдемі де мықты ғимарат жоқ. Одан кейін бедерлі жартастары бар Шабдаз (Шабдиз) үңгірі. Және йаджудж және маджудж қабырғалары.

§77. ЙАДЖУДЖ ЖӘНЕ МАДЖУДЖ ҚАБЫРҒАЛАРЫНЫҢ СИПАТТАМАЛАРЫ

Бұл әңгімені маған Саллам ат-Тарджұман айтып берген еді. Халиф ал-Васик биллах түсінде біз және йаджудж және маджудж арасында Зу-л-Карнайн салған көпірдің қирағанын көріп, сол жерге өзімен бірге барып, мәліметтер жинасатын адам іздей бастайды. Ашнас Халифке Саллам ат-Тарджұманнан басқа бұл саяхатқа жарайтын ешкімнің жоқ екенін және оның отыз тілде сөйлей алатынын айтты.

Саллам: Мені ал-Васик шақырып алып былай дейді: «Сен сол қабырғаға барып, оны өз көзіңмен көріп, маған ол жөнінде мәліметтер

жеткіз», – деді. Ал-Васик маған жас та күшті 50 адам жинап, 500 динар берді және 10000 дирхем «жан садақа» деп төледі. Ол 50 адамның әрқайсысына 1000 дирхем және бір жылғы жолақысын беруді бұйырды. Және де ол адамдарға былғарымен қапталған киіз бас киім, үлбір жамылғы және ағаш үзеңгі дайындауды бұйырды. Ол маған азық-түлік, су алып жүретін 200 қашыр берді. Біз ал-Васик биллахтың Тібілістегі Армения басқармашысы Исхак ибн Исмаилға бізді қабылдауы жөнінде жазған хатын алып Сурра ман ра'адан аттандық. Исхак біз туралы ас-Сарир қожасына, ас-Сарир қожасы біз туралы Аман әміршісіне (маликке), Аллан әміршісі біз туралы Филан шахқа, ол біз туралы Тарханға – Хазар әміріне жазды. Біз Хазар әміршілігінде бізбен бірге жүретін 5 жол көрсетушіні күтіп 1 күнге тоқтадық. Біз олардан шығып, 26 күн жүріп жағымсыз иісі бар кара жерге келдік. Бұл жерге аяқ басар алдында біз өзімізбен бірге алып шыққан сірке суын жағымсыз иісті сезбеу үшін иіскеп 10 күндей жүрдік. Содан кейін біз қираған жұрты ғана қалған қалаларға келдік. Осы жерлермен тағы 20 күн жүрдік. Біз бұл қалалардың неліктен мұндай күйде жатқанын сұрап едік, олар бізге бұл қалаларды бір кездерде йаджудж және маджудждар кіріп, қиратып кеткенін айтты. Одан кейін біз қабырға өтетін шатқалдармен тау жанында салынған бекініске жеттік. Бұл бекіністерде араб, парсы тілінде сөйлейтін халық тұрады екен. Олар біздің қайдан келгенімізді сұрады. Біз діндар адамдар әмірінің елшісі екенімізді айттық. Олар бізге жақын келіп, өз құлақтарына өздері сенбей: «дінге сенушілердің әмірі ме?» деп қайта сұрады. Біз «иә» деп жауап бердік. Олар бізден «жас адам ба, әлде көрі адам ба?» деп сұрады. Біз «жас адам» деп жауап бердік. Олар тағы да таңқала, оның қайда тұратынын сұрады. Біз оның Иракта, Сурра ман ра'а қаласында тұратынын айттық. Ол бұл жөнінде ештеме естімегендерін айтты.

Бұл бекіністердің арасы бір-екі фарсах (шақырым), одан аз да емес, көп те емес. Содан біз Ика деп аталатын қалаға жеттік. Ол көлемі 10 ф. шаршы жерді алады. Қаланың темір қақпасы бар, айналасы айдалған жер, ал қала ішінде диірмен бар. Бұл сол Зұ-л-Қарнайынның әскерімен орналасқан қаласы. Қала мен қабырға арасы үш күндік жол. Қабырғадан қалаға дейін үш күндік жолдың бойында бекіністер мен қыстақтар. Бұл камал дөңгелек формалы тау сияқты. Йаджудж және маджудждар осы жерлерді мекендейді дейді. Олардың екі түрі бар (синфани) және де йаджудждар маджудждарға қарағанда 1 шынтақтан бір жарым шынтаққа дейін бойлары биік, одан аз да, көп те емес. Содан кейін біз Зұ-л-Қарнайын салған бекініс пен камал бой көтерген

биік тауға жеттік. Сол жерде екі тау арасында ені 200 шынтаққа жететін шатқал бар. Бұл йаджудждар мен маджудждардың шығып, тарап кететін жолы. Қамалдың іргесі 30 шынтақ төмендікте жер бетіне жеткенде темір мен мыстың көмегімен қаланған. Содан соң шатқалдың екі жағынан сүйеу қойған. Әр сүйеудің көлемі 25 шынтақ, биіктігі 50 шынтақ. Барлық құрылыс мыспен қапталған темір плитадан тұрады. Мұндай плитаның көлемі бір жарым шынтақ. Плитаның қалыңдығы 4 елі көлемінде. Бұл екі тіреудің ортасында ұзындығы 100 шынтақ, қалыңдығы 10 шынтақ және ені 5 шынтақ темір маңдайша (дарванд), екі сүйеніште (тіреуде) орналастырылған. Маңдайшаның үстінде бір қарағанда бойынды билеп алатын, биіктігі тау басына жететін, сол мыспен қапталған темір плиткадан жасалған үй. Бұл шамамен алғанда маңдайшадан алпыс шынтақтай көтеріледі. Үйдің үсті темір дәліз. Әр дәліздің шетінде бір-біріне қарай иілген екі мүйіз. Әр дәліздің ұзындығы 5 шынтақ, ені 4 шынтақ. Маңдайшаның үстінде 27 дәліз бар. Темір қақпаның оған бекітілген жармасы (екі жаққа ашылатын есік) бар. Әр жарманың ені елу шынтақ, биіктігі 70 шынтақ, қалыңдығы 5 шынтақ. Екі тіреуді де айналдырған кезде маңдайшамен бірдей. Бұл ғимаратқа жел қақпа жағынан да, тау жағынан да өтпейтін етіп салынған, ол кәдімгі табиғаттың жаратылысы сияқты. Қақпадағы ілмектің (кифл) ұзындығы 7 шынтақ, ал жуандығы бар ба'а. Оны екі адам құшағына сыйғыза алады. Және ол жерден 25 шынтақ жерде. Ілмектен 5 шынтақ биіктікте ілмектен де үлкен ысырма (галак) ілулі. Әр екі есік ысырмасы – екі шынтақтан. Есіктегі кілттің ұзындығы 1,5 шынтақ. Бұл кілттің 12 тісі бар, әр тіс келінің келсабындай. Кілттің жуандығы 4 сүйем, ол есікке жапсырылған шынжырға бекітілген. Шынжырдың ұзындығы сегіз шынтақ, жуандығы 4 сүйем.

Екі жақтаудың астында қалған бөлікті есептемегенде есіктің табалдырығының ені 10 шынтақ, ұзындығы 100 шынтақ. Есіктің шығыңқы жері 5 шынтаққа тең. Барлық өлшем «зира» («зира ас-сауда» деп аталатын ұзындық өлшемінен алынады).

Қақпаның жанында ауданы жан-жағы 200 шынтақ бойындай екі бекініс бар. Осы екі бекініс қақпасының жанында екі ағаш өсіп тұр. Екі бекіністің ортасында тұщы бұлақ бар. Бекіністің бірінде бекініс құруға қажетті саймандар, соның ішінде: темір қазан, темір ожау сақталады. Әр мосыға (дикдан) сабын қайнатуға арналған қазан сияқты төрт қазаннан орналастырылған. Онда бекініс тұрғызылған темір кірпіштердің қалдықтары бар. Тот басқандықтан бір-біріне жабысып қалған. Коменданты (раис) әр дүйсенбі және бейсенбі күндері

атқа мініп, осы темір қақпаға қарай аттанады. Олар (раистар) бұл қақпаларды халифатты мұра етіп алған сияқты атпен өздеріне мұра алады. Ол атпен өзімен бірге әрқайсысының мойнында келсап ілінген үш жолсерік ертіп, қақпаға келеді. Ол ең жоғарғы басқышқа шығып таң сәріде бір рет ілгекті ұрады, мұның әсерінен араның ұясындағы шуыл сияқты гуіл естіледі де содан соң басылады. Түске таман ілгекті тағы соғады. Раис құлағын қақпаға тосады, екінші дыбыс біріншіге қарағанда қаттырақ шығады. Түстен кейін болғанда тағы бір рет ұрады. Тағы да сол гуіл естіледі. Ол бұл жерде күн батқанша отырып, содан кейін қайтады. Ілгекті соғудың мақсаты – Раис қақпаның ар жағында біреудің бар-жоғын білуі керек, егер бар болса, олар күзеттің бар екенін білулері керек. Және бекіністегі адамдар қақпаларға қарсы ешқандай әрекет жасалынбайтынын білуі керек. Бұл жерден онша қашық емес жерде ауданы 10 ф x 10 (100 шаршы шақырым) үлкен бекініс бар. Саллам бекіністе тұратын тұрғындардың біреуінен: «Бұл қақпалардың қандай да бір кемшілігі бар ма?» – деп сұрады. Олар: «Жоқ, тек мына кішкене ғана жарықтан басқа. Бұл жарықтан жіңішке жіп қана өте алады». Мен олардан: «Сіздер осы қақпалардан қауіптенесіздер ме?» – деп сұрадым. Олар: «Жоқ! Бұл қақпалардың жуандығы ал-Ескендірдің шынтағымен есептегенде 5 шынтақ болады, ал-Ескендірдің шынтағы ас-сауданың бір жарым шынтағына сай келеді», – деп жауап берді. Саллам айтты: «Мен қақпаға жақын бардым да, аяқ киіміме салып қойған пышағымды алып, жарылған жерді кертіп қырғылай бастадым, ол жерден жарты дирхемнің көлеміндей бір түйінді шығарып алдым да оны Васик би-ллахқа көрсету үшін орамалға түйіп алдым. Қақпаның екінші жағындағы жарманың жоғарғы жағында байырғы тілде темір әріптерімен (ал-лисан ал-аввал) менің алламның уәделі кезі келгенде, ол бұны ұнтаққа айналдырады. Менің алламның уәдесі ақиқатқа (шындыққа) айналды» деп жазылған.

Біз көпшілік бөлігінің бір қатары жезден жасалған сары жолақ, екіншісі темірден жасалынған қара жолақтан тұратын құрылысты көрдік. Тау жақта қақпа құюға, жезді балқытып араластыратын қазан және мыс пен қалайы балқытатын орын қазылған. Бұл қазандар сары мыстан жасалған. Әр қазанда үш құлақ бар. Онда жоғары көтеруге арналған ілгек және шынжыр бар.

Біз ол жерде болғандардан «Сіздер сол йаджуйлер мен маджуйлердің ең болмаса біреуін көрдіңіздер ме?» деп сұрадық. Олар таудан олардың біразын көргендерін айтты. Сол бір кезде қатты жел тұрып, олардың

жел ұшыра лақтырып жібергенін көргендерін айтты. Олардың бойы шамамен жарты қарыс (сүйем).

Таудың ту сыртында не жазық, не шөп, не ағаш, тіпті ештеңе де жоқ. Бұл тау өте биік, аппақ, жап-жалтыр.

Қайтарда жол бастаушымыз бізді Хорасанға ертіп әкелді. Бұл жердің қожасының аты ал-Луб. Біз ол жерден Табанааян қожалығындағы жерге келіп жеттік. Ол харадж (салық) (сахиб ал-харадж) жинаушы. Біз оларда бірнеше күн болдық та, бұл жерден әрі қарай сегізінші ай дегенде Самарқанға жеткенше жүре бердік. Содан кейін біз Исбишабқа (Исфиджаб) келдік, Балх өзенінен өттік, әрі қарай Шарусаннан (Усрушана), Бұхарадан, Термезден, ең соңында Нисабурға жеттік. Саяхат бойында бізбен бірге жүрген адамдардың көбі қайтыс болды. Әрі кетіп бара жатқанда 22 адам ауырып қалды. Өлген адамдарды киімдерімен жерледік, ал ауырып қалғандарды қыстақтарда қалдырдық. Қайтар жолда 14 адам өлді. Біз Нисабурға келгенде тек 14 адам ғана қалды. Бекініс қожалары бізді қажетті нәрселердің бәрімен қамтамасыз етіп отырды. Содан соң біз Абдаллах ибн Тахирге кеттік. Ол маған сегіз мың дирхем сыйлады, ал менімен бірге еріп жүрген әр жолсерікке 500 дирхемнен берді. Рейге жеткенге дейін ол әр салт аттыға 5 дирхемнен, әр жаяу жүргендерге үш дирхемнен беріп отырды. Біз өзімізбен алған қашырлардан аман қалғаны 23. Ақырында біз Сурра ман ра'аға келдік, мен ал-Васикке барып, барлық көрген-білгенімнің жайын айтып, қақпадан қырып алған бір тілім темірді көрсеттім. Ол Аллаға ризашылығын білдіріп, соның құрметіне әр адамға 1000 динардан таратты. Қабырғаларға дейінгі біздің жолымыз 16 ай, ал қайтқанда 12 ай бірнеше күн болды.

Саллам ат-Тарджұман бұл тарихи оқиғаны маған жалпы әңгімелеп берді, ал-Васик биллахқа арналып жазылған хаттан айтып берді.

Тәржімалаған: *А. САҒЫМОВА*

ИБН АЛ-АСИР

Изз-ад-дин Абу-л Хасан Али ибн Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн ал-Асир 1160 ж. әкесі әкім болған Джебзират ибн Омарда (Месопотамия) туған. Кейін ол өз отбасымен бірге Мосулға көшті. Сол жерде білім алды. Ибн ал-Асир Араб, Сирия, Палестин бойынша көп саяхат жасаған. Өмірінің көп жылдары Мосулда, ғылым жолында өтті. Оның бар ынта-жігері хадистер мен тарихты оқуға бағытталған. 1188 ж. ол Салах ад-Диндағы көрсеткіштермен шайқасқа тағы қатысты. Өмірінің соңғы кезінде ол Сирияға келіп, одан кейін Мосулға қайта оралып, 1234 ж. сонда қайтыс болды. Ибн ал-Асир — «Тарих жылнамаларының толық жинағының» (ал-Камиль фи-т-тарих) авторы. Бұл туынды — шежірелік жүйеде берілген бүкіләлемдік тарихи мағынаға ие туынды. Ибн ал-Асирдің еңбектері 1231 ж. дейін жеткізілген. Бұл еңбектерде монғол шапқыншылығы кезіне қоса сол кездегі мұсылман әлемі тарихы берілген. Мұнда мұсылмандар әулетінің және шектес мемлекеттердің (Араб, Халифат, Саманилықтар, Қарахандықтар, Хорезмшахтар, Қарақытайлар және басқа) саяси тарихының толық сипаттамасы беріледі. Монғол шапқыншылығы кезінде өмір сүрген ол осы оқиғалар мен оның шеккен зардабын сипаттаған.

ИБН АЛ-АСИР

Татарлардың Түркістан мен Мәуреннахр жеріне кіріп және оны басып алуы жөнінде

Бұл 617 жылы (қыжыра. - Ред.) ислам еліне Қытай жанындағы Тамға І джекия тауында тұратын үлкен түрік тайпасы – Татарлар келді, олар мен мұсылман елінің арасы 6 айлық жол. Бұлардың мұнда келуінің мынандай сыры бар: Темучин деген атпен танымал Шыңғысхан өз жерінен Түркістанға қарай бет алады; көпестер мен түріктерді мол күміс, құндыз т.б. заттармен Мәуреннахрдан Самарқан пен Бұхараға оған киім тігетін мата алуға жібереді. Олар Хорезмшахтың иелігіндегі өз жергілікті билеушісі бар Отырар деген түрік қалаларының біріне келді. Татарлар тобы келген кезде жергілікті билеушісі Хорезмшахқа олардың келгенін және өздерімен бірге көп зат әкелгенін хабарлады. Хорезмшах оларды өлтіріп, заттарын оған беріп жіберуді бұйырды. Жергілікті билеуші оларды өлтіріп, заттарын Хорезмшахқа жіберді, ол заттары болса өте көп. Жіберілген заттар Хорезмшахқа келгенде, ол оны Бұхара және Самарқанд көпестеріне бөліп беріп, оның құнын алады. Оның (Хорезмшахтың) Хатайлықтардан Мәуреннахр жерін алып алғалы олардың артындағы Түркістаннан келетін жол жабылған. Бұрын бұл елдер Хатайлықтарға меншікті болған кезде татарлардың көбі ол жерге қоныс аударған еді. Хорезмшах Мауреннахрды Хатайлықтардан тартып алып, өздерін өлтірген соң, татарлар Түркістанды, Қашқарды, Баласағұнды басып алып, Хорезмшах әскеріне шабуылдады. Сол себепті де ол киім т.б. олардан әкелуге тыйым салады. Мұсылман елдерін басып алу жөнінде бұдан да басқа себептер бар болуы керек, бірақ кітаптарда олар жөнінде ештеңе айтылмайды. Хорезмшахтың жергілікті билеушісі Шыңғысханның жақтастарын өлтіріп, Шыңғысханға оның кім екенін, жанында неше адам бар, күзетшісі қандай, бұл жерге неге келді т.с.с. біліп келуге барлаушы жібереді. Барлаушылар жаңа кездескен тау, шөл даламен, әйтеуір жетеді. Бірталай уақыттан кейін олар қайта оралып, Хорезмшахқа олардың (татарлардың) санының көп екенін, Алланың берген төзімді жандарының бірі екенін, қашу дегенді

білмейтін, өз қолдарымен өздеріне қару жасап алатын жандар екенін айтады. Хорезмшах оның жасақтарын ұрып-соғып, мүліктерін алып алғанына өкініп, бойына бір ой келеді. Хорезмшах Шихаб Хиваны өзіне ақылдасуға шақырып алды, ол Хорезмшахтың айтқанын екі айтқызбай орындайтын, үлкен құрметке бөленген, өте жақсы заңгер. Хорезмшах алдына келген оған: «Үлкен бір іс атқарылды. Сол жөнінде ойлану керек. Менің ойыма ой сал. Істің мән-жайы мынада: Түріктер жағынан саны өте көп жау келеді, қалай етсек екен» — дейді. Шихаб: «Меніңше әскерді жеткілікті, жан-жақтан бәрін бір жерге жинау керек. Мұсылмандардың бәрі мүлік жағынан болсын, өздері болсын саған көмектесуге міндетті, өзіңнің сансыз көп әскеріңмен Сырдария (Сейхун) жағалауына аттан. Бұл мұсылмандар жері мен түрік жерін бөліп тұрған үлкен өзен. Біз оларды сол жерде тосамыз, ал қарсыластарымыз жақындаған кезде қарсы шығамыз. Біздің әлі күшіміз болады, ал олар жол жүріп, шаршап шалдығады» — деді. Хорезмшах өзінің барлық әмірлерін, кеңесшілерін шақыртып, олармен ойын ортаға салып ақылдасып еді, олар бұның ой-пікіріне қосылмады, керісінше, оларға Сырдариядан өтуге мүмкіндік беріліп, олар тау арқылы өтетін болсын. Біз бұл жауларды жақсы білгенмен, оларға бұл жолдар беймәлім. Оларды біз осылай жеңе аламыз, біреуі де аман қалмайды. Осылайша түріктер сұхбаттасып отырғанда сол қарғыс атқан Шыңғысханның бір топ адамдарнан елші келіп қаһарлана: «Сендер менің жақтастарымды өлтіріп, дүние-мүлкін талан-таражға салдыңдар, соғысқа дайындалыңдар, мен сендерге орасан зор адаммен келе жатырмын. Маған қарсы тұра алмайсыңдар» — дейді. Бұл арада Шыңғысхан Түркістанға келген және Қашқарды, Баласағұнды бүкіл елімен басып алған. Ол жерден татарларды, тура Хатайлықтармен болғандай, қуып жіберген (ол жөнінде ешқандай мәлімет сақталынбай қалған) олар жан-жаққа тарап кеткен. Жоғарыда мәлімденген хат Хорезмшахқа жіберіледі. Оны тындап алып, Хорезмшах хабаршыны өлтіруге, ал оның қасындағылардың сақалдарын қырып тастап, қайтадан қожайынына қайтарындар деп бұйрық береді. Шыңғысханға оның елшісімен не істегенін, Хорезмшахтың оны жер шетіне қуалайтынын, оның жақтарына істегенін істейтінін, мен келе жатырмын саған деп сәлем айтып жібереді. Хорезмшах тез жиналып, елшінің соңынан олардың есін жинатпай, үстінен түсейін деп жедел жолға шығып, тоқтамастан жүріп отырды. Осылайша 4 ай бойы жол жүріп отырып, олар тұратын жерге жетті, бірақ ол онда тек әйелдер, жас балалар мен кішкентай нәрестелерді көрді. Оларды жаулап алып, мал-мүлкін тартып алып, әйелдері мен балаларын тұтқынға алды.

Дінсіздердің өз үйінде болмауының себебі: Кушлухан деп аталатын түрік тайпаларының бірімен соғысқа кеткен еді. Олармен шайқасып, қуғынға ұшыратып, бар дүние мүлкін өздерімен бірге алып қайтты. Жолда олар Хорезмшахтың, елінің үй-жайына, мал-мүлкіне ойына келгенін істеді. Сосын жүрістерін жеделдете елдеріне бұлар кетпей тұрып жетті. Олар қаз-қатар тізіліп тұра қалды да бұрын-соңды ешкім естімеген шайқас басталды. Бұл шайқас үш күн, үш түнге созылды, екі жақтан да сан жеткісіз адам өлді, бірақ та олардың біреуі де қашпады. Мұсылмандарға келсек, олар өздерінің дінін қорғап, егер де өлсе, мұсылман күйінде өлетінін, ешқашан да басқа жол жоқ екенін, өз жерінен алыс екенін біле тұра өте үлкен шыдамдылықпен соғысты. Дінсіздер болса өз мүлкі үшін, өз адамдарын құтқару үшін табандылықпен күресті. Кейбіреулері аттан түсіп алып, қарсыласымен жаяулап соғысты.

Олар пышақпен төбелесті, жердің бәрі, өздері қан жоса болып, жерге көл болып төгілген қаннан аттар сырғанақтай бастады. Екі жақ та соғыстан әбден қалжырап, күштерін де, шыдамдылықтарын да тауысты. Бұл соғысқа Шыңғысханның баласы ғана қатысты, әкесі бұл туралы білмеді де. Мұсылмандардан қанша адам өлгенін есептегенде 20 000 болды, ал дінсіздерге келсек, олардан қанша өлгенінің санына да жетіп болмайсың. Төртінші түні болғанда олар тарқап, екі жаққа бір-біріне карама-қарсы орналасып, түн болғанда дінсіздер өз оттарын жағып, сол күйінде қалдырып кетті. Мұсылмандар да дәл осылай етті. Сөйтіп екі жақ та шайқасты бітірді. Дінсіздер өз патшалары Шыңғысханға кетті, ал мұсылмандар Бұхараға оралды. Хорезмшах өзінің күшінің әлсіз екенін мойындады. Ол Шыңғысхан әскерінің бір бөлігін де жеңе алмады, ал соғысқа патшаның өзі шықса не болар еді деп, торуылға дайындалды. Ол Бұхара және Самарқан тұрғындарына қарсы тұруға қор жинап, Бұхараға 20 000, Самарқанды күзетуге 50 000 атты әскер және оларға: «Мен Хорезм мен Хорасанға барып келгенше қаланы қорғандар, мұсылмандарға әскер жинауға көмек сұрап қайта келемін»,—деді. Ол қайтадан Хорасанға Амудария (Джейхун) арқылы кетіп, Балхқа жақын жерге тоқтады, өйткені әскер сол жерде еді. Дінсіздер жорыққа жиналып, Мауреннахрға бағыт ала, Бұхараға Хорезмшах келіп кеткеннен кейін 5 айдан соң келді. Оны қоршауға алып, оларға үш күн үздіксіз қатты ұрыс жүргізді. Хорезм әскерінің тойтарып тастауға күші келмей, қаланы тастап, әскер қалмағанын көріп, тұрғындардың ұнжырғалары түсіп, өздерінің қадилері Бедреддин Кадиханды тұрғындарына рақымшылық сұрата жібереді. Татарлар

оларға кешірім жасайды. Дегенмен де өз жолдастарымен кете алмай қалған әскерлер де болды, олар қамалда қалған. Шыңғысхан кешірім жасауға келісім берген соң қала қақпасы 6 жылдың 4 джұльхиддесінде сәрсенбіде ашылды (10 ақпан 1220 ж.). Дінсіздер Бұхараға кірді, ешкімге зиян келтірмеді, бірақ оларға «Сұлтанға жинаған қорларыңды маған тапсырып, қамалдарыңды жеңуге көмектесесіңдер» деді. Шыңғысханның мақсаты – қамалды қоршап алу, ал қала халқына мұнда ешкім қалмауын, егер де кімде-кім қалса, өлім жазасына кесілетінін айтып, үндеу тастады. Бәрі де оған келгенде, ол қорған жанындағы орды бітеп тастандар деп бұйырды. Олар оны ағаштармен, топырақ т.б. заттармен толтыра бастады, дінсіздер тіпті амвонды құран бөліктерін алып тастай бастады. Иә, біз Аллаға тәнбіз, бәріміз де сонда барамыз. Шындығында Алла өзін төзімді, момын дейді, ал мынандай сұмдықты көрген ол бұлай бола алмайды, мұны көргенше олар жерге кірмей ме. Содан кейін олар қорғанда зұлымдық іс істеді, онда мұсылманның 400-дей аттысы болған, олар 12 күн бойы дінсіздер мен қала тұрғындарын ұрып, бар күштерін жұмсап қорғап бақты. Олардың өздерінің де адамдары өліп жатты, бірақ олар бұған қарамай қарсыластары әбден жақын келгенге дейін қамал саперлері қабырғаға келіп, оны қазғанға дейін соғыса береді. Бұл кезде соғыс тіпті үдеді, ондағы мұсылмандар тас, от т.б. қолдарына түскен заттармен атқылай бастады. Қарғыс атқыр қатты ашуланып, өзінің сарбаздарын сол күні де, келесі күні де шақырып алып, таңертеңнен қайта лап қойды. Қорғандағылар қанша қарсыласса да, әлдері құрып, қарсыластары да оларды енді шыдай алмайтын жағдайға дейін ысырды. Дінсіздер жеңіп, қорғанды басып кірді. Ондағы мұсылмандар өле-өлгенше соғысты. Қамалды жайғап болған соң Шыңғысхан қала басшыларын, старшиндардың тізімін жасап әкелуді бұйырды. Тізім жасалынып, оған көрсетілген соң, тізімдегі адамдарды алдына әкелуді бұйырды.

Олардың бәрі жиналып алдында келгенде ол: «Сендерден Хорезмшахтың сатқан күмістерін қайтаруды талап етемін, олар менікі, өйткені менің жақтастарымнан тартып алынған» – деді. Олар қолда бар барлық күмісті әкеліп берді. Содан кейін олар қаладан шығуға рұқсат алып, бар мүмкіндіктерінен айырылып, кейбіреулерінің үстінде көйлегінен басқа ештеңе жоқ, ештеңесіз қаладан шықты. Дінсіздер қалаға кіріп, ондағы барды талан-таражға салып ұрлап, ондағы адамдарды өлтірді. Шыңғысхан мұсылмандарды қоршап алып, өз жақтастарына оларды өзара бөлісіп алындар деп бұйырды. Татарлар оларды бөліп алды. Балалардың, еркектердің, әйелдердің